ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ
МИНИСТРЛІГІ
ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ
МЕТРОЛОГИЯ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ ТЕХНИЧЕСКОГО
РЕГУЛИРОВАНИЯ И МЕТРОЛОГИИ
МИНИСТЕРСТВА ТОРГОВЛИ И
ИНТЕГРАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

2019ж 26 қыркүйек № 357-ОД

Нұр-Сұлтан қаласы город Нур-Султан

Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 918 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, келісу, сараптама жасау, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, күшін жою және қолданысқа енгізу» қағидасының 25, 26, 40, 41 - тармақтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Техникалық реттеу және метрология жөніндегі ғылыми-техникалық комиссиясының 2019 жылғы 13 қыркүйектегі № 12 хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. ҚР СТ «Шыны композиттен жасалған профильдер. Техникалық шарттар» Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап бекітілсін және қолданысқа енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының мынадай ұлттық стандарттары:

ҚР СТ ISO/IEC 17021-2 «Сәйкестікті бағалау. Менеджмент жүйелеріне аудит және сертификаттау жүргізетін органдарға қойылатын талаптар. 2-бөлім. Қоршаған орта менеджменті жүйелеріне аудит және сертификаттау жүргізу үшін құзыреттілігіне қойылатын талаптар»;

ҚР СТ ISO/IEC 17021-3 «Сәйкестікті бағалау. Менеджмент жүйелеріне аудит және сертификаттау жүргізетін органдарға қойылатын талаптар. 3-бөлім. Сапа менеджменті жүйелеріне аудит және сертификаттау жүргізу үшін құзыреттілігіне қойылатын талаптар»;

ҚР СТ ISO/IEC 17021-10 «Сәйкестікті бағалау. Менеджмент жүйелеріне аудит және сертификаттау жүргізетін органдарға қойылатын талаптар. 10-бөлім. Еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау менеджменті жүйелеріне аудит және сертификаттау жүргізу үшін құзыреттілігіне қойылатын талаптар»

000196

2019 жылғы 1 қарашадан бастап бекітілсін және қолданысқа енгізілсін.

3. 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы дауыс берген, Мемлекетаралық стандарттау кеңесінің отырысында қабылданған және Қазақстан Республикасы аумағында қолданысқа енгізілетін мемлекетаралық стандарттар тізімі Қазақстан Республикасы аумағында күшіне енгізілсін.

4. ҚР СТ ISO/IEC TS 17021-2-2015 «Сәйкестікті бағалау. Экологиялық менеджмент жүйелеріне аудит және сертификаттау жүргізетін органдарға қойылатын талаптар. 2- бөлім. Аудит жүргізу және қоршаған орта менеджменті жүйелерін сертификаттау үшін құзыреттілікке қойылатын талаптар» Қазақстан Республикасының ұлттық стандартының күші 2019 жылғы 1 қарашадан бастап жойылсын.

5. ҚР СТ ISO/IEC TS 17021-3-2015 «Сәйкестікті бағалау. Менеджмент жүйесіне аудит және сертификаттау жүргізетін органдарға қойылатын талаптар. 3-бөлім. Аудит жүргізу және сапа менеджменті жүйелерін сертификаттау үшін персоналдың құзыреттілігіне қойылатын талаптар» Қазақстан Республикасының ұлттық стандартының күші 2019 жылғы 1 қарашадан бастап жойылсын.

6. Аталған бұйрықтың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының жетекшілік етуші орынбасарына жүктелсін.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің Төрағасы **А. Шаккалиев**